

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 14 қаңтардағы № 50 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 19 қаңтарда № 9722 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына "О. Шипин көшесі бойымен № 5 канализациялық сорғы станциясына дейін өздігінен ағатын канализациялық коллекторды пайдалану және қызмет көрсету" объектісі бойынша инженерлік желілер мен тораптарды жүргізу мен пайдалану мақсатында, Қостанай қаласында орналасқан жалпы алаңы 2,9064 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

К. Ахметов